




Р.Н. Шойбеков , Н.М. Әшімбаева , Э.Ә. Өтебаева* 
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: marjanserikqyzy1@gmail.com)

Өсімдік атауларының этномәдени семантикасы

Аңдатпа. Мақала өсімдік атауларын мәдени-семантикалық бағытта зерттеуге арналады. Зерттеу барысында белгілі болғандай өсімдік атаулары тілдік құрамның көне қабатын сақтай отырып, халықтың тарихи қалыптасуымен, өткенімен, менталитетімен тығыз байланысты екендігі айқындалды. Сондықтан бұл мақалада өсімдікке байланысты көптеген сөздер мен ұғымдардың құрамындағы көне лексемалар тілдің ұғымдық негізін құрайтын жүйе ретінде жан-жақты зерттелді. Өсімдік атауларының ғылыми онтологиялық мазмұнын тілдік-концептуалдық негізде жан-жақты терең зерттеумен қатар, ұлттық сананың халық тілімен өзара әрекеттестікте дамитынына назар аударылды. Этностың дүниетанымы фитонимдік лексика арқылы айқын көрініс тауып, ұлттық сананың қалыптасуына қалай ықпал ететініне теориялық талдау жасалды. Өсімдік атауларының құрамында мәдени-танымдық ақпараты бар этномәдени бірліктер жинақталып, олардың мәдени семантикалары ашылды; энциклопедиялық сипаттағы репрезентативті лингвомәдени ақпарат берілді. Өсімдік атауларының мазмұнында дәйектелген тілдік және мәдени кодтар ашылып, қазақ мәдениетіне етене еніп, халқымыздың өткен тарихынан хабар беретін фитонимдер зерттелді. Өсімдік атауларының мәдени-семантикалық және концептілік құрылымы айқындалып, мәдени мағыналары жан-жақты талданды.

Түйін сөздер: өсімдік әлемі, дәрілік өсімдік, этнолингвистика, этномәдени ақпарат, мәдени-семантикалық мағына.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-149-157>

Түсті: 2.05.2024; Жөнделді: 20.05.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Адамзат өз дамуының алғашқы дәуірінде адамның негізгі қорегіне айналған кейбір өсімдіктердің ерекше қасиеті бар екенін байқаған. Қазақ тіліндегі өсімдік әлеміне қатысты тілдік бірліктер ұзақ уақыттың нәтижесінде туған, қаншама дәуірлер сараптауынан өтіп бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Өсімдік әлемін танып-білу арқылы сол өлкені жайлаушы халық өмірімен тығыз байланысын, жасалу уәждері мен қолданыс шеңберін, оған тигізген пайдасы мен зиянын т.т. айқындауға болады. Жер бетінде өсімдіктің 500 мыңға жуық түрі тіршілік етсе, қазақ даласында 18 мыңға жуығы қазақтың кең байтақ даласында кездеседі. Соның ішінде 800-ге жуығы тек қана қазақ даласында кездесетін бірігей өсімдіктер екені ғылыми еңбектерде айтылып жүр. Әсіресе Қазақстанның көп жерлерінде дәрілік өсімдіктер кеңінен таралған. Өсімдіктерді тағам ретінде пайдаланудың нәтижесінде халық медицинасының негізі қаланды. Кейбір өсімдіктерді әртүрлі ауруларды емдеуге пайдалануды ертеден-ақ біліп, жанға шипа, дертке дауа ретінде пайдалана білген.

Дәстүрлі қазақ қоғамында малшаруашылығымен, малды жайып бағумен, оның жем-шөбін, суын әзірлеумен келе жатқан малшы қазақ қауымының өсімдіктерге ат қойып, айдар таға білуінің, олардың аттарын ғана емес, заттарын да жетік білуінің бір себебі, осы табиғаттың өзімен сырласа да, тілдесе де білетін қазақ этносының танымдық қасиетінде.

Этностың тілдік қорында жатқан байырғы, көне атауларға халық тілі соншалықты бай екені белгілі. Ондай нақышты сөздердің мазмұнын ашып, мағынасын қайта «тірілту» оларды мәдени ұлттық құндылық ретінде бағалауға, тануға мүмкіндік береді. Халықтық тілдің аймақтық тіл ерекшеліктерінде, сөйлеу тілінде ұшырасатын көне сөздердің беймәлім лексикалық мағыналары айқындалып, олардың «жабық» мәдени кодтары ашылады. Мәдени-тарихи мәліметтерден тұратын этномәдени ақпараттарды ашуда, зерделеуде тиімді болып табылатын этнолингвистикалық аспектіде зерттеледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада өсімдік әлеміне қатысты этномәдени ақпаратты лексикографиялаудың этномәдени семантикалық өрісте байланыстыра қараудың өзіндік мәселелері мен ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу барысында сөз мағынасындағы мәдени компонент туралы кешенді тілдік зерттеме жасалып, этномәдени мазмұнындағы танымдық, мәдениеттанымдық ақпарат берілді, лингвомәдениеттанымдық аспектіде талданады.

Қазақ тіліндегі ұлттың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениеті мен өзіне тән өмір сүру ерекшелігін танытатын бірліктердің тілдік және мәдени-семантикалық мағынасын ашу барысында материалды талдау, сипаттау және саралау әдістері қолданылды. Сондай-ақ өсімдік атауларының тілдік және мәдени-семантикалық мағынасы ашылып, олардағы кодқа салынған тілдік-мәдени ақпараттарды ашудың тәсілдері көрсетілді.

Зерттеу жұмысының пәнаралық байланысы кең, өйткені ол этнология, этнография, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, лингвистика, этнолингвистика, этносемантика, лингвистикалық, лингвокультурологиялық және этнологиялық лексикография сияқты ғылым салаларымен, бағыттарымен тығыз байланысты.

Әдебиетке шолу

Өсімдіктер дүниесі де, Адам баласы сияқты, ұлы табиғаттың құрамдас бөлшегі. Сондықтан да болар, Адам өмірі, оның тіршілік-тірлігі, күн көріс көздері мен шұғылданып келе жатқан кәсібі мен шаруашылығы өлке табиғаты мен соның өсімдіктерін етене жақсы әрі оның қыр-сырын жан-жақты білуімен тығыз байланысты.

Қазақ топырағында кездесетін өсімдік атауларын жинап, оларды танып-біліп, ғылыми негізге сүйене отырып бір жүйеге келтіріп, зерттеу жұмысының арқауы еткен С.Арыстанғалиев, Т.Мұсақұлов, Е.Рамазанов, Б.Қалиев, Ш.Күркебаев, Ұ.Әділбаева, Ш.Сейітова т.б. еңбектер басшылыққа алынды. А.Шормақованың [1] қазақ тіліндегі өсімдік атауларының мазмұнындағы ұлт болмысын танытатын мәдени-тілдік ақпаратты ашуға бағытталған зерттеу еңбегін де атап өтуге болады.

Қазақ даласында өсетін өсімдіктердің атаулары халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, шаруашылығына, тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігіне, өсімдіктердің дәрілік қасиеттеріне қатысты туындаған атаулар.

Қазақ тіліндегі өсімдіктердің уәжділігін зерттеген Ұ.Әділбаева өсімдік атауларымен келген тұрақты сөз тіркестерінің жасалуы ассоциация арқылы жүзеге асатынын, сондықтан оларды да уәжділік тұрғысынан қарастыру орынды дейді. Өсімдік атауларымен келген тұрақты сөз тіркестерінің номинативті мағына беруі танымдық процестер нәтижесінде пайда болады [2, 96].

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Табиғат байлықтарының ішінде өсімдіктер әлемі адам өмірінде маңызды орын алады. Ерте заманнан-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, оларға ат қойып, жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, жапырақ, сабақ, гүл, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі тұрмыстық бұйымдарды бояуға пайдаланған.

Тілдегі сөз қазынасының мән-мағынасын ашып, жұртшылықтың қажетіне жарайтындай етіп жүйелеп беру, қоғамның мәдени-әлеуметтік дамуына ерекше ықпал ететін игілікті іс [3, 32].

Зерттеу жұмысына өсімдіктердің ішінде адамды да, төрт түлікті де көптеген аурулардан емдейтін емдік қасиеті бар, азыққа, бояуға қолданылатын түрлері алынды. Солардың бірнешеуіне тоқталайық:

Андыз – таулы жердегі өзен-көл жағаларында сабағы жуан, биік болып өсетін ірі жапырақты, хош иісті өсімдік. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде андыздың емдік қасиеті ежелден белгілі болған. «Андызды жерде ат өлмес» деген мақал осының айғағы. Атырау, Маңғыстау облыстарында бұл мақал «*Иірлі жерде ер өлмейді, Андызды жерде ат өлмейді*» түрінде айтылады. Фармакологиялық, тарихи деректерге қарағанда: «Шыңғысханның бұйрығы бойынша сол кездегі ең қаһарлы күш – атты әскерді сақтап қалу үшін әрбір жауынгер өзімен бірге андыз алып жүрген. Андыздың тамырын суға тастағаннан кейін моңғолдар ондай суды тазарды деп есептеп, аттарын суарып, өздері қорықпай ішетін болған...» [4, 13]. Андыздың *қара андыз*, *сары андыз* деген түрлерінің ішінен қара андыз адамды да, төрт түлікті де көптеген аурулардан емдейтін (гастрит, өт қалтасының қабынуы, тыныс жолдарының қабынуы, тері аурулары) дәрілік өсімдік ретінде жоғары бағаланады. Андызды жылқы жақсы жейді. Жазғы шілдеде күн өтіп кеткен аттың сулығына андызды байлап қойып, оның ыстығын алған. Оңтүстіктегі биік тауда өсетін андызды жергілікті тұрғындар *аюқұлақ* деп те атайды және оның емдік қасиетін жақсы білген.

Ассағат – жасыл көк түсті бояу алынатын шөп; көкморас. Кеуіп кетпеген жас ассағатты қазанда қайнап тұрған суға салып, оның үстіне боялатын жүнді батырып, он күн бойы салқын күйінде суда ұстайды. Осылай боялған жүннің бояуы өшпей, ұзақ уақыт өңін бермеген. Сонымен бірге ассағат – шипалы өсімдік. Кептірілген ассағатты шай сияқты қайнатып, демдеп, іш қатуға қарсы қолданған [5, 197-198].

Атшоңқай – сулы жерде, су тоқтайтын жерлерде өсетін қоғатұқымдас біржылдық өсімдік және оның ақ түсті тамырсабағы. Жергілікті тұрғындар, этнографиялық деректерге қарағанда, су тартылып, сабағы кепкен атшоңқайдың түбін қазып алып тазалап, қазанда ысыған құмға қуырады. Сырттындағы қылшықты қабағы сыпырылып түсіп қалғаннан кейінгі ішіндегі бөртік, білеуленген дәмі тәтті, кіртілдек аппақ сабағын келіге түйіп, талқанға айналдырады да, оны қаймаққа араластырып не сүтке салып жейді. Одан быламық та, қамыр да пісіреді [6, 513]. Оның борығы тәтті болады. Сондықтан оны балалар да су астынан суырып алып жеп жүреді.

Аюбалдырған – балдырған тәрізді ірі жапырақты өсімдік. Аюбалдырғанды жас кезінде қой мен жылқы жақсы жейді. Жас сабағын балалар да жеген. Шілдеде гүлдегенде жағымсыз иісі болады. Бұлтты, тымырсық күндері ол қауіпті өсімдік болып саналады, өйткені оның бойындағы эфир майы ауаға таралмай қалады. Оны жасыл кезінде жеген ірі қара тез уланып қалатынын байқаған малшы қауым аюбалдырғаны мол жерді айналып өткен. Бұл шара қазақ малшыларының мал шарушылығын ұйымдастыру мен өркендетуде ботаникалық білімдеріне сүйенгенін көрсетеді. *Алғыр* – Оңтүстікте, Шығыс Қазақстанда кездесетін пияз сияқты өсімдік. Алғы Қаратауда көп өседі, басында дәні болады. Қиыншылық жылдары алғының тамыр-түбін қазып алып азық ретінде ботқа пісіруге пайдаланып, жан сақтаған. Халық тілінде *алғи*, *алғыр*, *алға* деп әртүрлі атала береді. Қаратау өңірінде *алғыр* (*алмас* деп те айтылатыны бар). Жазушы Тәкен Әлімқұловтың алғыр туралы әңгімесінде мынадай этнографиялық дерек кездеседі: «Ақырында алғырдың үстінен түсті. Ол алғашқыда сабағынан танып, түбірін қаза бастады. Ақырында сүйіріктей қызыл тамырды тауып алды. Тамырдың түбірінде бүршік-бүршік ірі дәнек бар. Бәлкім, жаужұмырға ұқсайды. Бірақ одан кішкентай. Ертеңіне ол алғырдың тамырын, дәнектерін тасқа жаншып отырды. Текше келген *сандықтас* деген тас бар еді. Ертегінің айтуынша: «Кейқуат қылды кесірді, Екі аяғын кесілді» дегенде, Кейқуат осы сандықтастың үстінде жатыпты. Қалмаққа осы арадан тойтарыс берген. Сол тас енді сыпыраға айналғандай. Бөрібек алғырдың тамырын жаныштап болған соң, оны суға қайнатты. Сөлін тұндырып,

уытын қайтарып, күнге қақтады. Сөреге құдды ірімшік жайған сияқты. Ақырында сол сөлден кәдімгідей ақ ұн шықты. Осы ұнды ілгеріде сауын інгеннің сүтіне илеп, қатырма жасағанда, жүрекке шық ете қалады екен. Енді ондай сүт жоқ. «...Бөрібек енді ақ ұнды көбейтіп, ақырында жұртқа тарататын болды. Ол көшіп жүргенде, жазда диқандар оған қауын-қарбыз тарту етуші еді. Енді өзі тамыр-танысқа алғырдың ұнын тарту ете бастады...» [7, 38-39]. *Бақбақ* – сабағы қуыс, жапырағы жоқ сарғыш гүлді өсімдік. Балалар бақбақтың сабағын алып, төртке жарып, аузына салып *бақ-бақ* деп дыбыс шығарғанда, сабақтың басы қошқармүйіздене бастайды. Балалар осыны қызық көріп, бір-біріне *бақ-бақ* деп біраз уақыт санайды. Деректерге қарағанда, ертеде қазақтар бақбақ гүлінің ашылуына қарап күн райын білген. Күндіз бақбақтың қауашағы қусырылып тұрса, ол жауын болатынының белгісі болып саналған. Бұлар халықтың табиғатты бақылау арқылы алған білімдерін көрсетеді.

Балауса – қамыстың қатты өсіп кетпеген, жас кезіндегі түрі, балауса құрақ. Балаусаны көк кезінде орып алып, дегдітіп, пішен сияқты үйіп қояды. Қыста шетінен алып, аяқпен басқанда тез үгітіліп, майдаланады. Балаусаның осылай өңделген түрін жеген сауын сиырлар сүтті әдеттегіден көп берген. Бұл сүттен мол өнім алуда жақсы нәтиже берген.

Бақша байлық – бір айлық – жаз айларында пісетін қауын, қарбыз [8]. Қауын-қарбыз ұзақ сақтауға келмейді. Бірақ өз кезінде, ыстық күнде «*Қауын жесең әрі ауқат, әрі сусын*» деп бағаланған. Піскен кездегі молшылық ұзаққа созылмай тез бітеді. Ел арасында «*Көкше байлық – үш айлық, Үш айдан соң шошайдық*» деген сөз де сақталған. Ол да бақша дақылдарының үш ай жазда таусылып бітетінін аңғартады. Қазақ диқаншылығында қауынды ұзақ сақтап, қыста жеу үшін кептіріп *қауынқақ*, суға қайнатып алып сығымдап, күнге қайта кептіріп *қауынқұрт* тәрізді дәмді тағамдар дайындап алған.

Қауын-қарбыз – жаз айларында пісетін, ыстыққа төзімді, жарықсүйгіш, шөлге шыдамды, біржылдық өсімдік. Қауын-қарбыз ұзақ сақтауға келмейді. Бірақ өз кезінде, ыстық күнде «*Қауын жесең әрі ауқат, әрі сусын*» деп бағаланған. Піскен кездегі молшылық ұзаққа созылмай тез бітеді. Ел арасында «*Көкше байлық – үш айлық, Үш айдан соң шошайдық*» деген сөз де сақталған. Ол да бақша дақылдарының үш ай жазда таусылып бітетінін аңғартады. Қазақ диқаншылығында қауынды ұзақ сақтап, қыста жеу үшін кептіріп *қауынқақ*, суға қайнатып алып сығымдап, күнге қайта кептіріп *қауынқұрт* тәрізді дәмді тағамдар дайындап алған.

Делбешөп – тасшүйгіннің халық тіліндегі атауы. Делбешөпті халық ертеректе ұйқы қашқанда, жүйкесі тозғанда, жүрегі қатты соққанда емге қолданған. Ол адамды жайбарақат күйге түсірген. Тағы бір этнографиялық дерекке қарағанда «онымен делбе болған, яғни миына құрт түсіп ауырған жылқыны емдейді. Аңшылар делбешөпті күшалаға қосып, алдамшы жем жасап, аюларды адам тұрған немесе аң сойылған жерден қуу үшін де пайдаланады» [6, 517]. Халық арасында делбешөпті *дел-сал* деп те атайды.

Дермене – қазіргі Түркістан облысында ғана өсетін жусанның түрі, шала бұта. Сырт көрінісі қара жусанның дәл өзі сияқты болғанмен, одан ірі, салалы, бойшаң келетін дермене емдік қасиеті өте күшті өсімдікке жатады. Жергілікті малшылар шөп буыны қатқан күздің соңында, тіпті қыстың бас кезінде отар-отар қойларын дермене қалың өскен жерге жайып алған. Дермене жеген қой семіре бастайды. Дермене жеген қойдың еті адамға шипалы болады. Дермене Қазақстанның басқа аймақтарында және ешбір шетелде өспейді. Дерменеден жасалатын сантонин деген дәріні басқа елдер біздің елімізден ғана сатып алады. Дермене өскен жер қорық болып жарияланған және сол қорықтың өнімін пайдаланып дәрі шығаратын сантонин зауыты ашылған. Ертеректе ревматизм және шойырылма (радикулит) болғанда дермене тұнбасын күнжіт майына немесе керосинге қосып ауырған жерді ысқылаған. Кейбір информаторлардың айтуынша «егер дермене ылғалы мол, су басып кеткен жерге өссе, онда өзінің бейнесін өзгертеді, қайта жаралып – *шағыр жусан*, сабақтары жайылған *ақбас жусан* болады; егер дөңесте өссе, мүлде ақ, мықтап түктенген жусанға, *боз жусанға* айналады. Ал құмда өссе, түгі аз *кер жусан* болады.

Доңызқауақ – жеуге жарамайтын, ішін қырнап алып тастап ыдыс ретінде пайдаланатын асқабақ тәрізді өсімдіктен жасалған, аңды үркіту құралы. Белгілі этнограф-ғалым Т.Қартаеваның келтірген дерегіне қарағанда, ертеректе Сыр бойы қазақтары жолбарысты аулаумен бірге, одан қорғану үшін үркітіп қуалау әдісін доңызқауақтың көмегімен атқарған. Іші тазалаған қауақтың диаметрі үлкен жақ бөлігін серкенің шикі көнімен қаптап, шеңбер ортасын тесіп, аттың құйрық қылын ұшынан жоғары қарай шығарып қояды. Арнайы былғарыдан жасалған белдікті қауақтың ортаңғы бөлігіне бекітіп, бір жағынан табанға салып бекіту үшін үзеңгібауын жасайды. Доңызқауақты атты адам оң жақ аяғына байлайды. Ат үстінде отырып, екі бөлік матаны ылғалдап алып, ылғал матамен аттың қылын кезектесіп тартқанда, кәдімгі жолбарыстың даусы шығады. Жолбарыс өз даусын естіп үркіп қашады. Доңызқауақты жолбарысты қуалап, үркіту, одан қорғану үшін ХХ ғасырдың бас кезіне дейін пайдаланған [9, 180-181]. Бұл қазақ аңшыларының аң аулауда ерекше әдіс-тәсілдерді меңгергендігін көрсетеді.

Жалбыз – сазды жерде өсетін хош иісті дәрілік, тағамдық өсімдік. Сабағы қырлы, өзегі қуыс, жапырағының жиегі ирек келген. Алуан түрлі ауруларға шипа болады деп саналатын бұл емдік шөптің ерекше қасиеті бар. Дененің қызуы көтеріліп ауырғанда ыстықты тартады деп жалбызды табанға тартып байлаған. Оны қайнатып, жел ауруына ішкен. «Жалбызды жерде жан қалады» деген мәтел осы жайтқа байланысты айтылса керек. Жалбыздың көп ауруға ем болғандығы бүгінде ұмытылған. Этномәдени деректер «*Жалбызымның жогынан жалғызымнан айрылдым*, «*Жалбыз жақпаған ауру өлер*» деген мақалдарда сақталған. Оның тағы бір қасиеті «*Жылан жалбыздан қашады*» деген мақал да кездеседі. «Жалбызды жерде жан қалады» деген мәтел осы жайтқа байланысты айтылса керек. Емшілер жалбызды гүл ашудың алдында жинайды. Көлеңкеде баппен кептірсе, жалбыздың шипалық қасиеті жақсы сақталады. Халық емшілігіне қатысты әдебиеттерде жалбыздың денедегі суықты тартатын, майды ерітетін және асқазан-ішек жолдарын тазалайтын қасиеті бар деп есептейді. Жалбыздың тұнбасы мен қайнатындысы ас қорытпау, бөгу сияқты сырқатқа бірден-бір шипа. Суық тартатын қасиетіне байланысты қазақтың өлік жөнелту салтында мәйітті бұзылмас үшін астына жалбызды төсеніш ретінде пайдаланған.

Жаужұмыр – шөлейтті жерлерде өсетін тамыржемісті өсімдік. Балалар жаужұмырдың тамырын отқа көміп әуес көріп жейді, өйткені ол шикі күйінде ащы болады. Оңтүстік аймақта басы жалғыз тал болып шығатын, түбі сары сәбіз тәрізді жаужұмырды кептіріп малға берсе, оны жеген мал тез семіреді екен. Кейбір өңірде «*Жаман болса, жаужұмырды ит жер ме*» деген сөз сақталған [10, 247]. Соған қарағанда оны қажет кезінде (иттер де өзіне керек шөпті тауып жеп емделеді) иттер де жейтін болуы керек.

Жусан – шөлейтті, далалы, топырағы сортаң жерлерде өсетін көпжылдық не бір, екі жылдық ащы шөп, шала бұта. Қазақ жерінде жусанның сексеннен астам түрі мен атауы кездеседі. 20-ғасырдың басында қазақ жерін аралаған ботаник-зерттеуші П.С.Массагетов: «Қазақтар көпжылдық және екіжылдық жусанды дәл айырып атайды, біріншісін – *жусан*, екіншісін *бүрген* дейді. Мұнда жай жусан – *ақ жусанды, шағыр жусан, кер жусан, боз жусанды* біледі, тіпті *дермене жусан* қазақтарға мәлім жусандар жүйесінде *қызыл жусан* деп аталады. Ал, дерменені дермене жусанның өнімі – дәні дейді. Бүргендерге *ақ бүрген, комфоралы жусан, қызыл бүрген, шыбық жусаны* жатады», – деп, халықтық білімдер жүйесіндегі бір өсімдік атауына қатысты жіктемелерді көрсетеді [5, 197]. Жусанның әрбір түрінің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттерін малшы қауым үнемі ескеріп отырады. Мәселен, *боз жусан* төрт түліктің бәріне жұғымды, *бота жусанға* жайылған қой тез семіреді, *дермене жусан* қойды тентек ауруынан сақтайды *қара жусан* жеген қой етінің дәмі ерекше болады, *марал жусан* бұғы-марал сүйсініп жейтін өсімдік түріне жатады және т.б. осындай халықтық білім бүгінгі күнге дейін жоғалмай жетіп отыр.

Көбірген – пішіні пияз тәрізді, іші қуыс тау сарымсағы. Таулы жердің көбіргенін жеген биенің қымызының қуаты күшті болады. Көбіргеннің сабағын үзгенде сүт шығып тұрады [11, 153]. Ел арасында өсімдік атауының *көмірген, көміржуа* секілді аттары ұшырасады.

Қазоты – мал жемейтін улы өсімдіктің бір түрі. Алтай өңірінде ертеректе шыбындарды өлтіру үшін қазотын пайдаланған. Ол үшін қазотының жапырағын суға қайнатып, оған бал жағып, қажетті жерге жайып не іліп қойған. Осындай жапыраққа қонып, бал жалаған шыбындар сеспей қатады екен. Қазотының осы қасиетіне қарап жергілікті тұрғындар оны *шыбынқырғыш* деп те атаған. Сонымен бірге қазотынан ертеде улы май қайыруды білген. Қазотынан алынған улы маймен аңшылар садақ жебесін майлап атқанда, жараланған аң алысқа кете алмайды екен.

Қаражеміс – тау беткейлерінде, өзен бойларында биіктеп өсетін бұта. Ертеректе буын ауруын (ревматизм) емдеу үшін қаражемісті турап, оған адыраспан мен усойқыны, ермен, қалақайды белгілі өлшеммен қосып 3-4 литр суға жарты сағаттай қайнатып, артынан осы қоспаға мол су қосып, соның суына шомылған [12, 80]. Бұл емдік қасиеті бар өсімдік халық тілінде *бауырқұрт* деп те аталған. Оның қара түсті жемісінің ішті айдайтын қасиеті барын білетін адамдар оны пайдалануға абай болған.

Қымыздық – дәмі қышқыл қымыз тәрізді, жеуге жарайтын, таулы жерлерде өсетін өсімдік. Қымыздықты сорып шөл басуға болады. Жылқы малы қымыздықты жақсы жейді. Қымыздықты халықтық емде қолданып, онымен көкірек ауруын (туберкулез) емдеген. Қымыздық қолданылу орнына қарай халық арасында әртүрлі аталған. Мәселен, оның тамырын тері илеуге қолданғанда оны *таран* деп, ал ауруды емдеуге қолданғанда *қымыздық* деп атайды.

Мыңбас шырмауық – дәні улы арамшөп түрі. Қазақ даласындағы дәрілік өсімдіктерді зерттеген П.С.Массагетовтің айтуына қарағанда, мыңбас шырмауықтың дәні нанға түссе, адамдар қатардан шығады: басы ауырады, әлі кетеді. Сұлыға түссе, аттар аспанға секіреді, ал шошқалар қырға қашады. Сондықтан жергілікті егінші-диқандар мыңбас шырмауыққа қарсы «күрес жүргізген» [5, 164].

Шеттіктікен – тікенекті өсімдік. Шеттіктікен бояу алынатын өсімдікке жатады. Шеттіктікен гүлдеген кезде кетпенмен шауып жинап, қазанға су құйып, шеттіктікен салып қайнатады. Шеттіктікенмен бірге қазанға тот басқан ескі темір тастайды. Осының нәтижесінде қара бояу алынады. Ертеде бұндай бояумен жүн бояған. Шеттіктікенді ауыз уылғанда ем болсын деп темекіге қосып тартқан.

Қорытынды

Фитонимдік атаулар, лексиканың басқа категориялары сияқты, әлі де болса аз зерттелген сала болып саналады. Сонымен бірге адамзаттың ежелгі кәсіптері – өсімдік шаруашылығымен және мал шаруашылығымен тығыз байланысты аталмыш саланы зерттеу тіл тарихын сипаттау, заманауи тілдердің өзекті мәселелерін зерделеу және лексикасын жүйелеу, лексикографиялық және бірқатар мәдени-тарихи мәселелерді шешу үшін аса маңызды болып табылады. Фитонимдік лексиканы оның шығу тегі, құрылымы мен семантикасы және т.б. тұрғысынан талдау халықтық дүниетанымға, материалдық және рухани мәдениетті дамытуға, халықтың тарихы туралы құнды мәліметтер алуға қосқан үлесін анықтау үшін де қажет. Ғылым мен техниканың, мәдениет пен көші-қон үдерістерінің қарқынды дамуына орай қазақ тілінің сөздік қорында елеулі өзгерістер туындап жатыр. Тілдер байытылып қана қоймайды, сол сияқты өсімдікке байланысты көптеген сөздер мен ұғымдар байырғы сөздік қордан ығыстырылып, із-түзсіз жоғалады. Сондықтан осындай атауларды, әсіресе фитонимдік лексиканы дер кезінде жинау, жүйелеу, зерттеу және одан кейін салыстырмалы-салғастырмалы талдау болашақ ұрпақ үшін ескірген лексиканы сақтаудың кезек күттірмес міндеті екендігі анық.

Фитонимдік лексиканы қазақ этносының этномәдени концептосферасы ретінде қарасақ, оны мәдени ұлттық құндылық ретінде бағалап-тану көкжиегі кеңейе түседі. Зерттеу барысында жиырма шақты өсімдіктің лексикалық және мәдени-семантикалық мағынасы ашылды. Өсімдіктердің күнделікті тұрмыста адамды да, төрт түлік малды да көптеген аурулардан емдейтін қасиеті, азықтық қасиеті, сондай-ақ бояуға қолданылатын түрлері анықталды. Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтыныңда

тілтанымдық Тресурсы «Қазақтілінің ұлттық корпусы» сайтының «Мәдени-репрезентативті ішкорпусының «бейнебаян» бөлігінде *андыз, сексеуіл, адыраспан, жалбыз, жусан* өсімдіктеріне арнайы бейнебаян жасалды. Аталған ішкорпус арқылы оқырман өсімдік әлеміне қатысты мол ресурстармен танысады; әрі этноақпаратты оқылым арқылы ғана емес, көрнекі түрде түрлі форматта жеңіл қабылдауға әрі қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік алады. Қазақ халқының ұлттық құндылығын жинау, түгендеу, әр сөздің астарынан сыр ұғып, бүгінде ұмытылып бара жатқан кейбір сөздердің мәдени-семантикалық мағынасын анықтау жұмыстары мәдени-репрезентативті ішкорпус жетілдірілген сайын толығып, жаңаланып отырады.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті ЖТН BR18574132 «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі

1. Шормақова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2020. – 178 б.
2. Іскендіров Ә. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 188 б.
3. Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Z., Nurdauletova, B.I. Phraseological expressions in the turkic language: Comparative analysis / International Journal of Society, Culture and Language, 2021, 9(2). – P.29-40.
4. Массаретов П.С. Өсімдік әлеміне саяхат. – Алматы: Қайнар, 1988. – 248 б.
5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.3: Табиғат. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
6. Әлімқұлов Т. Алғырдың тамыры // Туған жер қазынасы. – Алматы: Қайнар, 1983, – 38-39 бб.
7. Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке, 2002. – 262 б.
8. Қартаева Т. Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы. – Алматы: Арыс, 2005. – 448 б.
9. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
10. Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 168 б.
11. Қалиев Б. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2012. – 504 б.
12. Күркебаев К. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер. филол. ғыл. канд. диссерт. – Алматы, 1994. – 146 б.

Р.Н. Шойбеков, Н.М. Ашимбаева, Э.А. Утебаева

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

Этнокультурная семантика названий растений

Аннотация. Статья посвящена изучению названий растений в культурно-семантическом направлении. Как стало известно в ходе исследования, названия растений тесно связаны с историческим становлением, прошлым, менталитетом населения, сохраняя древний пласт языкового состава. Поэтому в этой статье были всесторонне изучены древние лексемы, содержащиеся в названиях растений, как система, составляющая понятийную основу языка. Было уделено внимание развитию национального сознания во взаимодействии с народным языком, наряду со всесторонним углубленным изучением научного онтологического содержания названий растений на языково-концептуальной основе. Проведен теоретический анализ того, как мировоззрение этноса ярко выражено через фитонимические слова и способствует формированию национального сознания. В составе названий растений собраны этнокультурные единицы, содержащие культурно-познавательную информацию, раскрыта их культурная семантика; представлена репрезентативная лингвокультурная информация энциклопедического характера. Раскрываются языковые и культурные коды, отраженные в содержании названий растений, изучаются фитонимы, которые проникают в казахскую культуру и передают историю прошлого нашего народа. Выявлена культурно-

семантическая и концептуальная структура названий растений, всесторонне проанализированы культурные значения.

Ключевые слова: мир растений, лекарственное растение, этнолингвистика, этнокультурная информация, культурно-семантическое значение.

R.N. Shoibekov, N.M. Ashimbayeva, E.A. Utebayeva

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

Ethnocultural semantics of plant names

Abstract. The article is devoted to the study of plant names in the cultural-semantic direction. As it became known in the course of the study, plant names are closely related to the historical formation, the past, the mentality of the population, preserving the ancient stratum of the linguistic composition. Therefore, this article comprehensively studied the ancient lexemes contained in plant names as a system constituting the conceptual basis of the language. Attention has been paid to the development of national consciousness in interaction with folk language, along with a comprehensive in-depth study of the scientific ontological content of plant names on a linguistic-conceptual basis. A theoretical analysis of how the worldview of an ethnos is vividly expressed through phytonymic words and contributes to the formation of national consciousness was carried out. Ethno-cultural units containing cultural and cognitive information are collected in the composition of plant names, their cultural semantics is revealed; representative linguocultural information of encyclopedic character is presented. Language and cultural codes reflected in the content of plant names are revealed, phytonyms that penetrate into Kazakh culture and convey the history of the past of our people are studied. The cultural-semantic and conceptual structure of plant names is revealed, cultural meanings are comprehensively analyzed.

Keywords: plant world, medicinal plant, ethnolinguistics, ethno-cultural information, cultural-semantic meaning.

References

1. Shormaqova A. Kazak tilindegi osimdik aleminin lingvomadeni beinesi. [Linguocultural image of the plant world in the Kazakh language]. Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) (Almaty, 2020, 178 b.) [in Kazakh]
2. Iskenderov A. Kazakstannyn darilik osimdikteri [Medicinal plants of Kazakhstan] (Kazakstan, Almaty, 1982, 188 p.) [in Kazakh]
3. Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Z., Nurdauletova, B.I. Phraseological expressions in the turkic language: Comparative analysis, International Journal of Society, Culture and Language, 9(2), 29-40 (2021).
4. Massagetov P.S. Osimdik alemine saiahat [A journey into the plant world] (Kainar, Almaty, 1988, 248 p.) [in Kazakh]
5. Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde: etnolingvistikalyq sozdik. T.3: Tabigat [Kazakhs in the world of native language: ethnolinguistic dictionary. Vol. 3: Nature] (Sardar, Almaty, 2013, 608 p.) [in Kazakh]
6. Alimqulov T. Algyrdyn tamyry // Tugan zher kazynasy [Roots of hemlock // Treasure of the native land]. (Kainar, Almaty, 1983, 39 p.) [in Kazakh]
7. Keikin J. Qazaqtyn 7777 maqaly men mateli [7777 Kazakh sayings and proverbs] (Olke, Almaty, 2002, 262 p.) [in Kazakh]
8. Kartaeva T. Syr onirinin dasturli etnografiasy [Traditional ethnography of the Syra region]. (Arys, Almaty, 2005, 448 p.) [in Kazakh]
9. Kazak tilinin aimaqlyq sozdigi [Regional Dictionary of the Kazakh Language] (Arys, Almaty, 2005, 824 p.) [in Kazakh]
10. Naqysbekov O. Qazaq tilinin ontustik govorlar toby [Group of Southern Kazakh Govors of the Kazakh language] (Shylym, Almaty, 1982, 168 p.) [in Kazakh]
11. Kaliev B. Osimdik ataularynyn tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Plant Names] (Almaty, Sardar, 2012, 504 p.) [in Kazakh]
12. Kurkebaev K. Osimdik musheleri men olardyn qurylym-qurylysyna qatysty terimder [Terms relating to plant organs and their structure]. filol. gyl. kand disert. (Almaty, 1994, 146 p.) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Шойбеков Р.Н. – филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

Әшімбаева Н.М. – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

Өтебаева Э.Ә. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан.

Шойбеков Р.Н. – доктор филологических наук, Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан.

Ашимбаева Н.М. – кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан.

Отебаева Е.А. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан.

Shoibekov R.N. – Doctor of Philological Sciences, Institute of Linguistics named after A.Baitursynuly, Almaty Kazakhstan.

Ashimbaeva N.M. – Candidate of Philological Sciences Institute of Linguistics named after A.Baitursynuly, Almaty Kazakhstan.

Utebaeva E.A. – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Institute of Linguistics named after A.Baitursynuly, Almaty Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).